

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің  
2015 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 39 бұйрығына  
38-қосымша

## "Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетеу қағидалары

Ескерту. Бұйрық 38-қосымшамен толыктырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.10.2023 № 312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өзірленді және "Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетеу (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындауды.

### 2 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібі

2. Мемлекеттік көрсетілген қызметті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғалар болып табылады.

4. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсетеу тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсетеу нысанын, мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мәлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат обьектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді, мемлекеттік қызмет көрсетеу, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" "Білім туралы құжаттардағы

мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

6. Өтінішті толтыру кезінде көрсетілетін қызметті алушы өзгерістер енгізу үшін қателер тусіндірмесін көрсете отырып, білімі туралы құжаттардағы мәліметтерді толтырады.

Толтырғаннан кейін білімі туралы растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін салады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші білім туралы құжатта көрсетілген мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады, мәліметтерді мұрагат материалдарының деректерімен салыстырады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші "Ұлттық білім беру деректер базасы" ақпараттық жүйесіне толықтырулар енгізу арқылы техникалық қателерді түзетуді жүзеге асырады.

9. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Тізбеке сәйкес [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті жолдаған кезде "жеке кабинетте" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

11. Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, осы Қағидаларға 3-көсімшага сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

13. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы қағидалар бекітілген немесе өзгерілген күннен бастап уш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушілерге, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

**З-тaraу.** Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заны 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Білім  
мәлі  
(түзету  
көр

(техни  
ортада  
беру  
тег  
(0

---

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық, ЖСН және байланыс деректері)

## Өтініш

Сізден білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді)

сұраймын

( себебін көрсету)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау

туралы" Қазақстан Республикасының Занымен корғалатын қулияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" \_\_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_

(қолы)

"Білім  
мәлі  
(түзету  
көр

"Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілеле

қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	техникалық және кәсіптік, орта білімдемешкіндердің қызындары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы:
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электронды (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	білім туралы құжаттардағы өзектендірілген
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	www. egov. kz порталы арқылы – жөндөй байланысты техникалық үзілістерді қоса (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс ушын Қазақстан Республикасының Еңбек <a href="#">кодегі</a> мереке күндерінде жүгінген кезде өтініш мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижелерінде күнінде жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін қажет құжаттар тізбесі	- өтініш; - білім туралы құжаттың электрондық көрсетеу үшін қажетті тапсынаның тізбесі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетеуден бас тарту үшін негіздер	мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілген үсынған құжаттардың және (немесе) олардың (мәліметтердің) дәйексіздігін аныктап беру үшін қажетті тапсынаның тізбесі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетеудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы үялы байланысты көрсетілетін қызметті алушының абоненттің және порталдың есептік жазбасына қосынды (немесе бір реттік пароль пайдалануында) қызметті портал арқылы электрондық нысанда жүргізу үшін қажетті тапсынаның тізбесі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпараттың "Административтік кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыстында аныктап беру үшін қажетті тапсынаның тізбесі. Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІК қызметтің пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолданылады. Субъект мобиЛЬДІК қосымшада және пайдаланушылардың жүйелерінде қолжетімді әдістермен автоматтасып, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде жүргізу үшін қажетті құжатты қарайды.

Жүктеу

"Білім

мәліметтер

(түзету)

көрсетеу

Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіруден (түзету) дәлелді бас тарту туралы хабарлама

Отыніштің бірегей № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Бас тартуға негіздеме:

---

---

(дәлелді бас тарту мәтіні көрстеілетін қызметті берушімен  
қалыптастырылады)

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба  
туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес  
қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.